

ӘОЖ 338.1

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ: МӘНІ, КЛАССИФИКАЦИЯСЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ

Өтешов Қайржан Есенжанұлы

kaiyrzhan97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 1 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші – Бержанова А.М.

Бәсекеге қабілеттілік – нарықтың өзге де қатысушыларына қарағанда шаруашылық жүргізуші субъектінің, яғни кәсіпорынның салыстырмалы түрдегі артықшылығы. Атап айтар болсақ, бәсекеге қабілеттілік кәсіпорынның жұмыс жасаудағы тиімділігі, сондай-ақ оның экономикалық әлеуетін құрайтын барлық ресурс түрлерін пайдаланудағы өнімділігін көрсетеді.

Кәсіпорынның болашақтағы мүмкіндіктерін объективті түрде бағалау, шаруашылық жүргізуші отандық және шетелдік үздік тәжірибе, оның ағымдағы қызметі үшін де, даму перспективасы үшін де шешуші мәнге ие. Дәл осы себептерге байланысты «кәсіпорынның экономикалық әлеуеті» санатын басқару объектісі ретінде қарастыру, оның шамасын бағалау, жай-күйіне диагностика жасау, түрлік және құрылымдық сипаттамалары, жұмыс істеудегі тиімділігін бағалау, сондай-ақ алдағы даму бағытын таңдау қажеттілігі артады [1]. Жалпы түсінікте «әлеует» экономикалық санаты әртүрлі позицияларда қарастырылғанымен, кез келген экономикалық әдебиетте қолда бар құралдардың, жұмылдыру мүмкіндіктерінің жиынтығы, белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуде пайдалануға болатын санат ретінде қолданылады [2].

Осыған байланысты экономикалық әлеует проблемасының төмендегі аспектілері маңызға ие болады:

- кәсіпорынның әлеуетін сипаттайтын негізгі факторлар мен ұғымдарды бөлу;
- кәсіпорынның әлеуетін бағалау әдістемесін дамыту.

Кәсіпорынның экономикалық әлеуеті – бұл ішкі функционалдық потенциалдардың, яғни интеллектуалдық, технологиялық, сондай-ақ сыртқы бизнес-ортаның әсерлерін қолдану және тұрақтылықты қамтамасыз ету, белгілі бір нарықтағы бәсекеге қабілеттілік және және стратегиялық позицияларды нығайту кіретін кешенді түсінік [3]. Экономикалық әлеует кез келген күрделі жүйе секілді белгілі бір функцияларды атқаратын неғұрлым қарапайым жүйелер кешенінен тұратын кәсіпорында құрылады және іске асырылады. Ішкі потенциалдардың бірі - технологиялық потенциал-берілген технологиялық процестерді немесе операцияларды өндірудің регламенттелген жағдайларында технологиялық жарактандырудың функционалдық өзара байланысты құралдарының жиынтығы [4].

Отандық, ресейлік және шетелдік зерттеулерден көргеніміздей жалпы экономикалық потенциалға келесі потенциал немесе субпотенциал түрлері кіреді деп есептеуге болады:

- қаржылық әлеует;
- инвестициялық әлеует;
- өндірістік әлеует;
- инновациялық әлеует;
- еңбек әлеуеті;
- маркетингтік әлеует [5, 6].

Кесте 1 - Экономикалық әлеует түрлерінің классификациясы

Классификация белгісі	Әлеует түрі
Зерттеу объектісіне қатынасы	Ресурстық Нәтижелілік Кешендік
Жүзеге асыру деңгейі	Іске асырылған Резервтік Стратегиялық
Өндіріс фазасы	Өндірістің экономикалық әлеуеті Бөлудің экономикалық әлеуеті Айырбастың экономикалық әлеуеті Тұтынудың экономикалық әлеуеті
Қызмет ету түрі	қайта өңдеу ұйымдарының экономикалық әлеуеті
Анықтау сәті	Есептілік кезеңнің басында Орташажылдық Есептілік кезеңнің соңында
Ұйымдық құқықтық	Акционерлік қоғамдардың экономикалық әлеуеті Холдингтардың экономикалық әлеуеті
Жүйенің базалық жағдайы	Қалыптастыру Жұмыс істеу Стратегиялық даму
Ақпараттық қолжетімділігі	Жоғары Орташа Төмен
Шаруашылық айналымға тартылу дәрежесі	Активтік бөлігі Пассивтік бөлігі

Суретте келтірілген деректер кәсіпорынның экономикалық әлеуетін, оны ресурстары мен резервтері, құрылымдық құрамдас элементтер жиынтығы, ұйымның белгілі мақсаттарына қол жеткізу үшін, сондай-ақ ішкі және сыртқы факторлардың өзара іс-

қимылын ескере отырып нарықтық қажеттілігін қанағаттандыру қабілеті ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

	Сыртқы факторлар	
Құрылымдық элементтердің жиынтығы	<i>Кәсіпорынның экономикалық әлеуеті</i>	Нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті
Нақты мақсаттарға жету жолындағы басқару механизмі		Ресурстар мен резервтер
	Ішкі факторлар	

Сурет 1 - Кәсіпорынның экономикалық әлеуетінің сипаттамасы

Бәсекелестік жағдайында кәсіпорын экономикалық потенциалының даму стратегиясы келесі мақсаттардан тұрады:

- пайда табу;
- қосымша құн қалыптастыру;
- мүліктің (бизнестің) құнын жоғарылату;
- тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру [7].

«Кәсіпорынның әлеуеті» мағынасының көпаспектілігіне қарай біздің тарапымыздан оны зерттеуде жүйелі тәсіл қолданылды, оған сәйкес әлеует кез келген әлеуметтік-экономикалық жүйенің, оның ішінде кәсіпорынның өте маңызды элементі екеніне көз жеткіздік [8].

Экономикалық әлеует нарық жағдайында басқару шешімдерін қабылдауда негізгі критерийі болып табылады. Сондай ақ экономикалық әлеует ұғымын кең және тар мағынада қолдану ұсынылады. Кәсіпорынның экономикалық әлеуетін қалыптастыруда келесі факторлар әсерін тигізеді: даму стратегиясы мен мақсаты, ұйымның орналасқан жері және оның қызмет саласы, кәсіпорын мөлшері (ірі, орташа, кіші), өндірілетін өнімнің сапасы мен ассортименті, әлеуеттің құрылымдық элементтерін оңтайландыру [9]. Әлеуетті біз оның құрамдас бөліктерінің бірлігіне негізделген өндірістік-өлшемді қызметті жүзеге асыру мүмкіндіктерінің жиынтығы ретінде қарастыруды ұсынамыз. Құрамдас бөліктері: кәсіпорынның материалдық-техникалық, ресурстық, еңбек, ұйымдық-басқарушылық, интеллектуалды, инновациялық, энергетикалық, экологиялық, ақпараттық, маркетингтік, бәсекелестік, экспорттық мүмкіндіктері. Олар кіріс алуға, қосымша құн қалыптастыруға және т.б. көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Альгина, М.В. Инновационный потенциал экономической системы и его оценка / М.В. Альгина, В.А. Бовнар // Современные технологии управления. – 2011. – №1 (01). – № рег. статьи 0001. – Режим доступа: <http://sovman.ru>.
2. Анчишкин, А.И. Прогнозирование роста экономики / А.И. Анчишкин.– М.: Экономика, 1996. – 14 б.
3. Бор, М.З. Инвестиции и инновации: словарь-справочник от А до Я / М.З. Бор, А.Ю. Денисов. – М.: ДИС, 1998. – 208 б.
4. Конкурентный потенциал перерабатывающих предприятий АПК / А.В. Пилипук [и др.]; под ред. В.Г. Гусакова. – Минск : Беларус. навука. – 2012. – 217 б.
5. Куликов, И.С. Повышение эффективности использования экономического потенциала предприятий, производящих хлебобулочные и мучные изделия: автореф. дис. ...канд. экон. наук: 08.00.05 / И.С. Куликов; ГОУ ВПО «Московский гос. ун-т пищевых производств. – Москва, 2009. – 24 б

6. Мозоль, А.В. Производственный потенциал сельскохозяйственных предприятий: экономическая оценка и пути повышения эффективности функционирования: автореф. дис. ...канд. экон. наук: 08.00.05 / А.В. Мозоль; УО «БГЭУ». – Минск, 2005. – 20 б.
7. Продовольственная безопасность: термины и понятия: энцикл. справ. / В.Г. Гусаков, З.М. Ильина, В.И. Бельский и [и др.]. – Минск : Белорус. наука, 2008. – 535 б.
8. 19. Ханжина, В. Структура рыночного потенциала предприятия / В. Ханжина, Е. Попов // Проблемы теории и практики управления. – 2001. – № 6 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://vasilieva.narod.ru/ptpu/20_6_01.htm. – Дата 20.12.2013
9. Шайдаева, Д.А. Экономический потенциал агропромышленного предприятия: сущность и структура / Д.А. Шайдаева // Проблемы развития АПК региона. – 2012. – №4 (12). – Б. 165–174